

**30.01.2019**

### **«Бір ел-бір кітап» акциясы**

ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының, ҚР кітапханашылар Ассоциациясының бастамасымен 2007 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Бір ел-бір кітап» акциясы биылғы жылы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы және Әбділдә Тәжібаевтың өлеңдері таңдалып алынды. Осыған орай біздің облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасының оқу залында оқырмандар үшін «Жыл кітабын бірге оқиық!» атты тақырыптық көрмесі ашылды.

Көрмеден :

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы, Парламент Сенатының депутаты- Әбіш Кекілбайұлының және ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым. Филология ғылымының докторы, профессор Қазақстан Республикасының халық жазушысы - Әбділдә Тәжібаевтың шығармалары орын алған.

Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланған. Роман төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың кейіпкерлері бар болғаны үшеу. Әмірші, Кіші ханым және шебер. Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер, Ахмет саудагерлер осы негізгі басты үш бейнені ашу үшін алынған.

Ә.Тәжібаев – поэзияда лирика мен поэма жанрын қатар алып жүрген ақын. Оның қаламынан туған 30-дан астам поэма мен өте көп сандағы өлеңдері сыршылдық, ойшылдығымен, шыншылдық, оттылығымен ерекшеленеді. Барлықтарыңызды «Бір ел-бір кітап» акциясына қатысып, ақын-жазушыларымыздың шығармашылығымен танысуға шақырамыз!

Жыл кітабын бірге оқиық !

БІР ЕЛ-БІР КІТАП

2019

Оқыған адам өзінің өмірін бақытты өмірмен өлшеп өткізеді.



Шымон Нийозимов  
(1939-2005)



Дима Кабилов  
(1933-2012)

Күнбаданың дөңгөзү өзінің өмірін «Түркі» - деп бақытты өмірмен өлшеп өткізеді.

Дима Кабиловтың өмірі «Бір ел-бір кітап» атты кітаптың арқасында бізге жетіп келді.

«Бір ел-бір кітап» атты кітаптың арқасында бізге жетіп келді.

